

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы N 1243 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 5 қаңтардағы N 1695 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 151 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 151 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы N 1243 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 47, 524-құжат, 2004 ж., N 21, 265-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік қызметтің кадр әлеуетін пайдаланудың тиімділігін арттыру, мемлекеттік басқару кадрларын іріктеу кезінде демократия қағидаттарын бекіту, Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекеттік саяси қызмет резервінің мәселелері жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында қосымшаға сәйкес құрамда Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервіне кандидаттарды іріктеу және олармен жұмыс жөніндегі комиссия құрылсын.";

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы ережедегі:

"Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резерві" деген бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резерві

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резерві - бұл осы Ережеде айқындалған тәртіппен түзілген, жүйеленген тізімге олар жөніндегі деректер енгізілген Қазақстан Республикасының азаматтары.

2. Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резерві бірінші және екінші санаттағы кадр резервіне бөлінеді. Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервіне кандидаттарды іріктеу және олармен жұмыс жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия) шешімі бойынша екінші санаттағы

кадр резервінен бірінші санаттағы кадр резервіне ауысу жүзеге асырылуы мүмкін

3. Мемлекеттік саяси қызметтің бірінші санаттағы кадр резерві - бұл:

- 1) орталық атқарушы органдардың басшылары;
- 2) облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдері;
- 3) өзге де мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарына орналасу үшін жас а қ т а л а т ы н кадр резерві.

4. Мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резерві - бұл:

- 1) орталық атқарушы органдар басшыларының орынбасарлары;
- 2) облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерінің о р ы н б а с а р л а р ы ;
- 3) орталық атқарушы органдар ведомстволарының басшылары;
- 4) қалалар мен аудандардың әкімдері;
- 5) өзге де мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарына орналасу үшін ж а с а қ т а л а т ы н кадр резерві.

5. Азаматтың мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервінде тұруы есепке алынған күнінен бастап үш жылға дейін созылады. Осы мерзім ішінде азамат ол орналасу үшін мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервінде тұрған мемлекеттік саяси лауазымға тағайындалуы мүмкін.

Қажет болған кезде мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервінде тұрған кандидатураларды ескерместен мемлекеттік саяси лауазымға тағайындалу жүзеге а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

6. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссиямен келісім бойынша мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервіне алуға қажетті құжаттардың тізбесін және басшылары мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервіне алынуы мүмкін ұйымдарға (бұдан әрі - ұйымдардың басшылары) қойылатын талаптарды бекітеді

7. Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервінде тұрған азамат (бұдан әрі - резервші) туралы деректер тиісті тіркеу нысандары толтырыла отырып уәкілетті орган жасақтайтын жүйеленген тізімге енгізіледі.

8. Мемлекеттік саяси қызметтің бірінші санаттағы кадр резервін есепке алынған мемлекеттік саяси қызметшілер мемлекеттік басқару органдарында заңнамада белгіленген тәртіппен ротациялаудан өте алады.

9. Резервшілер мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервінде тұрған кезде қолданыстағы заңнамаға сәйкес оқуға және біліктілігін арттыруға, сондай-ақ уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен мемлекеттік органдарға тағылымдамаға жіберілуі мүмкін.

2. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияны құру және оның қызметі

10. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияны Қазақстан Республикасының Президенті құрады және ол Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия төрағасы мен мүшелерінен тұрады.

11. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның төрағасы болып табылады.

12. Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті көмекшісі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды тұлғалар Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның мүшелері болып табылады.

13. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің кадр саясаты мәселелерімен айналысатын бөлімшесі Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның жұмыс органы болып табылады.

14. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның отырыстары оның жұмыс жоспарына сәйкес, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі. Жоспардан тыс отырыстар Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия төрағасының шешімі бойынша қажеттігіне қарай өткізіледі. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия отырыстарының, оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңдық күші болады.

15. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия төрағасы:

1) Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның жұмыс жоспарын бекітеді;

3) Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия шешімдерінің іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады.

16. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия төрағасы орнында болмаған кезде не оның тапсыруы бойынша төрағаның функциясын Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия мүшелерінің бірі орындайды.

17. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия мүшелері оның жұмыс жоспары, отырыстарының күн тәртібі және мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервіне алу үшін қосымша кандидатуралар жөнінде ұсыныстар енгізуге х а қ ы л ы .

18. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның жұмыс органы оның қарауына қажетті құжаттар мен материалдар ұсынады, оның жұмыс жоспарларының жобаларын, отырыстарының күн тәртібін даярлауды қамтамасыз

етеді, оның отырыстарының хаттамаларын ресімдейді.

19. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның шешімдері ашық дауыс бере отырып жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етуші дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

20. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның шешімдері отырыс өткізілген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде төрағаның немесе төрағалық етушінің және оның отырысына қатысушы мүшелер қол-қоятын хаттамамен ресімделеді. Мемлекеттік саяси қызметтің бірінші және екінші санаттағы кадр резервіне алу туралы Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның шешімінде кандидат алынатын нақты мемлекеттік саяси лауазым көрсетіледі.

21. Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервіне есепке алу үшін кандидаттарды алдын ала іріктеу мен екінші санаттағы кадр резервін жасақтау жөніндегі ұсыныстарды дайындау мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы сарапшы топ құруы мүмкін, оған Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия осы Ережеде көзделген өз өкілеттіктерінің бір бөлігін өзі шешімімен айқындалатын көлемде береді. Сарапшы топ қызметінің тәртібі мен құрамын Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы бекітеді.

3. Мемлекеттік саяси қызметтің бірінші санаттағы кадр резервіне алу үшін кандидаттарды іріктеуді өткізудің тәртібі мен шарттары

22. Мемлекеттік саяси қызметтің бірінші санаттағы кадр резервіне кандидаттарды іріктеу:

1) ведомстволарды қоспағанда, орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар басшылары орынбасарларының, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерінің орынбасарларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік саяси қызметшілерінің;

2) ұлттық компаниялардың бірінші басшыларының;

3) ұйымдар басшыларының;

4) мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервінде тұрған резервшілердің арасынан жүзеге асырылады.

23. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның жұмыс органы орталық мемлекеттік органдардың басшыларын, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерін, ұлттық компаниялардың бірінші басшылары мен ұйымдардың басшыларын мемлекеттік саяси қызметтің бірінші санаттағы кадр резервіне алу үшін кандидатуралардың тізімдерін ұсыну мерзімдері мен нысаны туралы хабардар етеді.

23-1. Осы Ереженің 22-тармағының 1) тармақшасында аталған тұлғалар мемлекеттік саяси қызметтің бірінші санаттағы кадр резервіне кандидаттарды

іріктеуге қатысу үшін олардың кандидатурасын мемлекеттік орган алқасының немесе тиісті әкімдік отырысының қарауына енгізетін орталық мемлекеттік органның басшысына немесе облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкіміне өтініш береді.

23-2. Мемлекеттік саяси қызметтің бірінші санаттағы кадр резервіне есепке алу үшін кандидаттардың өтініштерін оның отырысының қорытындысы бойынша ұсынымдық сипаттағы шешім қабылданатын мемлекеттік орган алқасы немесе облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігі қарайды. Қажетті құжаттар мен ұсынымдарды Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның жұмыс органына жолдау туралы түпкілікті шешімді орталық мемлекеттік органның басшысы немесе облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі қабылдайды.

Мемлекеттік органда алқа болмаған жағдайда қажетті құжаттар мен ұсынымдарды Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның жұмыс органына жолдау туралы шешімді осы мемлекеттік органның басшысы қабылдайды.

23-3. Осы Ереженің 22-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында аталған тұлғалар мемлекеттік саяси қызметтің бірінші санаттағы кадр резервіне кандидаттарды іріктеуге қатысу үшін Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның жұмыс органына өтініш береді.

23-4. Осы Ереженің 22-тармағының 1) тармақшасында аталған тұлғалар арасынан мемлекеттік саяси қызметтің бірінші санаттағы кадр резервіне кандидатураларды Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның отырысына мемлекеттік органдардың басшылары, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдері ұсынады. Осы Ереженің 22-тармағының 2) - 4) тармақшаларында аталған тұлғалардың кандидатураларын Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия мүшелері ұсынады. Қажет болған кезде кандидаттармен әңгімелесу өткізіледі.

23-5. Ұсынылған кандидатураларды қарау қорытындысы бойынша Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия мемлекеттік саяси қызметтің бірінші санаттағы кадр резервіне алу не алудан бас тарту туралы Қазақстан Республикасының Президенті хабардар етілетін шешім қабылдайды.

23-6. Мемлекеттік саяси қызметтің бірінші санаттағы кадр резервіне алу не алудан бас тарту туралы мемлекеттік органдардың басшыларын, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерін және кандидаттарды хабардар етуді Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервіне алу үшін кандидаттарды іріктеуді өткізудің тәртібі мен шарттары

23-7. Мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервіне кандидаттарды іріктеу:

1) осы Ереженің 22-тармағының 1) тармақшасында аталған тұлғаларды қоспағанда, А-1, А-2, А-3, В-1, В-2, В-3 санаттарына жатқызылған лауазымдарды атқаратын мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің, департамент басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымдарды атқаратын мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының, орталық мемлекеттік органдардың облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) бөлімшелері басшыларының, сондай-ақ облыстық маңызы бар қаланың, ауданның, қаладағы аудан әкімінің орынбасарынан төмен емес жергілікті атқарушы органдар лауазымды тұлғаларының;

2) осы Ереженің 22-тармағының 2) тармақшасында аталған тұлғаларды қоспағанда, департамент басшыларының орынбасарларынан төмен емес лауазымдарды атқаратын ұлттық компаниялардың лауазымды тұлғаларының;

3) ұйымдар басшыларының арасынан жүзеге асырылады.

23-8. Уәкілетті орган Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссиямен келісім бойынша орталық мемлекеттік органдардың басшыларын, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерін, ұлттық компаниялардың бірінші басшылары мен ұйымдар басшыларын мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервіне алу үшін кандидатуралардың тізімдерін ұсыну мерзімдері мен нысаны туралы хабардар етеді.

23-9. Осы Ереженің 23-7-тармағының 1) тармақшасында аталған тұлғалар мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервіне кандидаттарды іріктеуге қатысу үшін олардың кандидатураларын мемлекеттік орган алқасының немесе тиісті әкімдік отырысының қарауына енгізетін орталық мемлекеттік орган басшысына немесе облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкіміне өтініш береді.

23-10. Мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервіне есепке алу үшін кандидаттардың өтініштерін оның отырысының қорытындысы бойынша ұсынымдық сипаттағы шешім қабылданатын мемлекеттік орган алқасы немесе облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігі қарайды. Қажетті құжаттар мен ұсынымдарды уәкілетті органға жолдау туралы түпкілікті шешімді орталық мемлекеттік органның басшысы немесе облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі қабылдайды.

Мемлекеттік органда алқа болмаған жағдайда қажетті құжаттар мен ұсынымдарды уәкілетті органға жолдау туралы шешімді осы мемлекеттік органның басшысы қабылдайды.

23-11. Осы Ереженің 23-7-тармағының 2) тармақшасында аталған тұлғалар мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервіне кандидаттарды

іріктеуге қатысу үшін өтінішті тиісті құжаттар мен ұсынымдарды уәкілетті органға ұсынатын ұлттық компанияның бірінші басшысына береді.

Осы Ереженің 23-7-тармағының 3) тармақшасында аталған тұлғалар мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервіне кандидаттарды іріктеуге қатысу үшін уәкілетті органға өтініш береді.

23-12. Уәкілетті орган құжаттарды тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервіне алу үшін кандидаттарды тесттен өткізеді, Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның жұмыс органына құжаттарды енгізеді. Кандидаттарды тесттен өткізу тәртібін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.

23-13. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның отырысында осы Ереженің 23-7-тармағының 1) тармақшасында аталған тұлғалар арасынан мемлекеттік органдардың, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерінің өкілдері мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервіне кандидатураларды ұсынады. Осы Ереженің 23-7-тармағының 2) - 3) тармақшаларында аталған тұлғалардың кандидатураларын Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия мүшелері ұсынады. Қажет болған кезде кандидаттармен әңгімелесу өткізіледі.

23-14. Ұсынылған кандидатураларды қарау қорытындысы бойынша Кандидаттарды іріктеу жөніндегі комиссия мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервіне алу не алудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

23-15. Мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервіне алу не алудан бас тарту туралы мемлекеттік органдарды, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерін және кандидаттарды хабардар етуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

4-1. Резервшіні мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервінен шығару

23-16. Резервшіні мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервінен шығару:

1) резервші ол орналасу үшін мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервінде тұрған мемлекеттік саяси лауазымға тағайындалған;

2) резервші мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервінен өзін шығару туралы өтініш берген;

3) осы Ереженің 5-тармағында аталған мерзім өтіп кеткен;

4) резервшінің көрінеу жалған ақпарат бергенін айғақтайтын фактілер анықталған;

5) "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 26-бабында және 27-бабының 1-тармағында көзделген негіздерде мемлекеттік қызметті тоқтатқан;

б) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасаған жағдайларда жүзеге асырылады.

23-17. Резервші мемлекеттік саяси қызметтің екінші санаттағы кадр резервінен бірінші санаттағы кадр резервіне ауысқан жағдайда оның резервте тұру мерзімі үш жылға ұзартылады.";

26-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдің жоғары оқу орындарын бітірген;"

7-тараудың тақырыбы "өткен" деген сөзден кейін "және басым мамандықтар бойынша шетелдің жоғары оқу орындарын бітірген" деген сөздермен толықтырылсын;

42-тармақ "азаматтар" деген сөзден кейін "және басым мамандықтар бойынша шетелдің жоғары оқу орындарын бітірген азаматтар" деген сөздермен толықтырылсын;

43-тармақта "және олар үшін үш ай барысында сақталады" деген сөздер алынып тасталып, "бойынша" деген сөзден кейін "және басым мамандықтар бойынша шетелдің жоғары оқу орындарында" деген сөздермен толықтырылсын;

46-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Егер азамат еңбек қызметін жасамаған жағдайда, еңбек кітапшасының немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжаттың көшірмелерін ұсыну талап етілмейді.";

49-тармақта "тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бекітіледі" деген сөздер "тізбесін уәкілетті орган бекітеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) жоғарыда аталған Жарлыққа қосымша осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қазақстан Республикасының*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2006 жылғы 5 қаңтардағы  
N 1695 Жарлығына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы  
Президентінің



**ҚОСЫМША**

**Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервіне кандидаттарды іріктеу және олармен жұмыс жөніндегі комиссияның құрамы**

Жақсыбеков - Қазақстан Республикасының Президенті

Әділбек Рыскелдіұлы Әкімшілігінің Басшысы, төраға

Комиссия мүшелері:

Имашев - Қазақстан Республикасының Президенті

Берік Мәжитұлы Әкімшілігі Басшысының орынбасары

Қасымбеков - Қазақстан Республикасы Президенті

Махмұд Базарқұлұлы Кеңесінің бастығы

Мәсімов - Қазақстан Республикасы Президентінің

Кәрім Қажымқанұлы көмекшісі

Нығматулин - Қазақстан Республикасының Президенті

Нұрлан Зайруллаұлы Әкімшілігі Басшысының орынбасары

Тәжин - Қазақстан Республикасының Президенті

Марат Мұхамбетқазыұлы Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары

Тілеубердин - Қазақстан Республикасы Премьер-

Алтай Абылайұлы Министрі Кеңесінің Басшысы

Тұрысбеков Зауытбек - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Қауысбекұлы қызмет істері агенттігінің төрағасы